

УДК 316.4.063

**СЕДЕНТАРИЗАЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫНА ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ  
ТАЛДАУ ЖАСАУ МҮМКІНДІКТЕРІ**

**Тлеспәева Алмаш Айхинбаевна**

*almash88@yandex.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтану кафедрасының докторанты,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Б.Ж.Смағамбет

XX ғасыр – саяси тұрақтылыққа, экономикалық даму мен ұлттық прогреске мүдделі болған үкіметтің, саясаткерлер мен экономистердің көшпенділерді қадағалауға ұмтылысы кең етек жайған кезең. Өзгерістер «агенттері» әдетте, көшпенділерді иррационалды, қарабайыр және ұйып отырған отырықшы қоғам үшін қауіпті қауымдастық сипатында қарастырды. Бүгінгі күнге дейін тәуелсіз мемлекеттер тарапынан көшпенділерді седентаризациялау процесі жүріп жатыр. Кең мағынасында седентаризация ауқымды

процестің бір бөлігі не жеке құбылыс ретінде қарастырылуы мүмкін.

Ғалымдар арасында седентаризацияға қатысты ортақ пікір жоқ. Бірі үшін седентаризация «қарабайыр әлеуметтік-саяси құрылымнан заманауи кезеңге өту процесі» болса [1], екіншісі «қазіргі заманғы мемлекет пен оның саяси дамуына қажетті түбегейлі мәдени және әлеуметтік трансформация» деген қорытындыға келеді [2]. Ал үшінші топ зерттеушілері «сыртқы ресурстар мен мүмкіндіктерге бейімделу формасы» ретінде қабылдайды [3].

Фредерик Барт седентаризация процесінің мәжбүрлі түрде жүргізілетінін айқындап, оның үш үлгісін ажыратады. Алғашқы үлгісі табиғатпен тікелей байланысты, яғни көшпенділер ауа-райының өзгеруіне тәуелді (құрғақшылық, қыстың ұзақ болуы) [4, 156.].

Екінші үлгі – деградация нәтижесі. Деградация екі жолмен жүзеге асады: соғыстан жеңілген көшпенділердің жайылым жерлері қысқарып, амалсыздан отырықшылыққа көшу; үкімет мобилдік және әлеуметтік құрылыммен байланысты соғыс қаупін алдын-алу мақсатында көшпенділерді өз территорияларында жүйелі қадағалауға тырысады. Бұл – көшпелі тайпаларды қадағалау мен реттеу арқылы ұлттың интеграциялануына мүдделі қазіргі «үшінші әлем» елдерінің үкіметтері үшін де өзекті мәселе [4, 19-216.].

Үшінші үлгіде нарықтық экономикада бәсекелестікке төтеп бере алмаған шаруашылықтар бірте-бірте отырықшылыққа өтіп, еңбек нарығының өкілдеріне айналады. Үлгінің тағы бір жағы – бәсекеге қабілетті шаруалар болашақта көшпенді мал шаруашылығында күтпеген өзгерістер болған жағдайда капиталын сақтап қалу үшін мүлік (негізінен жер) сатып алады [4, 26-296.].

Филип Зальцман Фредерик Барт идеяларын сынап, әр қоғамда «институттанған балама» болатынын айтады. Қоғам талдауының бұл үлгісі – отырықшылыққа көшу процесін институттанған баламалар түрінде әлеуметтік ресурстарды пайдаланатын ерікті әрекет, яғни седентаризация процесіне ұшыраған көшпенділер институттанған және қолжетімді баламалы ғадет паттерндері, ұйымдастыру формалары мен идеология арасынан ұтымдысын таңдайды [5, 146]. Алайда, Зальцман ұсынған үлгіде конфликтілі жағдайдың орын алуы егжей-тегжейлі қарастырылмаған.

А.М.Хазановтың пікірінше, басқа экономикалық жүйелерге қарағанда, экономикалық бейімделудің көшпенділік жүйесінде тежелу мен шектеу басым. Негізгі шектеулер – психологиялық және әлеуметтік. Седентаризация көшпелі қоғамның дезинтеграциясымен, әлеуметтік ұйымдастырылуының трансформациясымен байланысты. Қоғамның барлық топтары мен қабаттары отырықшылыққа көшуден тең пайда алмағандықтан барлығы бірдей мүдделі емес [3, 324-3256.].

XX-XXI ғасырдағы седентаризация процесі туралы зерттеулер эволюциялық ілім тұрғысынан қарастырылған аңшылық-терімшілік қауымнан ауылшаруашылығы қоғамына көшудің қалыпты процесі болмағанын көрсетеді. Мұны антропологтар мен әлеуметтанушылардың, экономистер мен саясаттанушылардың, экологтардың зерттеулері мен ғылыми есептерінен көруге болады (толығырақ седентаризацияны зерттеуге арналған арнайы ғылыми басылымдарды қарауға болады. Мысалы, біріншіден, седентаризация «табиғи» жолмен емес, әдетте, модернизация, даму жобалары аясында бастама алған және мемлекеттің тікелей бақылауымен жүргізілген процесс.

Даму агенттіктері, қоршаған ортаны қорғау топтары мен ұлттық мемлекеттер көшпенді және жартылай көшпенді мал шаруашылығын тиімсіз және қоршаған ортаға зиян келтіретін шаруашылық түрі ретінде қарастырып, седентаризацияның тиімді тұстарын ұсынады, себебі осы процесс мал шаруашылығымен айналысатын көшпенді және жартылай көшпенді қауымдастықтардың *материалдық жағдайын жақсартпа отырып* (даулы мәселе), ұлттық экономиканың бір бөлігіне интеграциялайды.

Кейбір мемлекеттер салық пен трансшекаралық көші-қонды қадағалауды күшейту мақсатымен көшпенді қоғамды отырықшыландыруға ұмтылады. Екіншіден, седентаризация барлық жерде бірдей сипаттамаға ие емес, яғни оның қалыбы тарихи, географиялық факторларға және әлеуметтік желілерге байланысты болады. Мысалы, Қытайдың Шыңжаң

өңірінде жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бір қауымдастық үшін оңтайлы болған отырықшыландыру әдістері көлемі жағынан ауқымды немесе шағын болатын екінші қауымдастық үшін кері ықпалы болуы мүмкін екендігін байқатты, яғни бір жерде орналасқан, алайда әлеуметтік ұйымдасу аспектілері әртүрлі қоғамдарда седентаризация механизмдері әртүрлі нәтижеге алып келуі мүмкін [6].

Осылай, отырықшылықтандыруға ұшыраған қоғамдардағы өзгерістерді түсіну үшін олардың тарихи-географиялық дамуы мен сол жерді мекендейтін басқа отырықшы этностармен/қоғамдармен арақатынасын талдау маңызды.

Сондай-ақ, өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін - баспана және қора салумен, қоғамдық қызметтерді (білім беру, денсаулық сақтау салалары) және мал шаруашылығындағы «модернизацияланған» әдістерді енгізумен, әлеуметтік мобилдікке жол ашқан кәсіби құрылымдағы өзгерістермен іске асатын седентаризацияның шаруашылықты ұйымдастырудағы оң салдары қысқа мерзімді болып, ұзақ перспективада дәстүрлі тұрмыспен етене байланысып жатқан мәдениетінің жойылуына алып келуі мүмкін.

Шаруашылық пен тұрмыстағы трансформациялар қоғамды дағдарысқа ұшыратуы әбден ықтимал, себебі шаруашылық жүргізу әдісі – тек экономикалық саланың бөлігі емес, ол – өмір сүру образы. [6, 7]. Шаруашылық құрылымдағы өзгерістер мемлекеттік субсидияларға тәуелділікті күшейтуі, яғни әлеуметтік масылдықтың кең таралуына ықпал етуі мүмкін [8, 9] және басқа да әлеуметтік институттардың трансформациялануына алып келеді [10].

Институттық матрицадағы өзгерістер қоғамдағы сәйкестенуді өзгертеді. Коул бедуиндер сана-сезімінің жаңа формалары тайпалар шекарасынан асып, ортақ сәйкестенуді қалыптастырып жатқанын көрсетеді, яғни тайпалық сәйкестену орнын этникалық тиістілік басады [11].

Араб әлемі бедуиндерінің сәйкестенуін концептуалдаудың негізгі төрт өлшемін ажыратуға болады. Біріншіден, төл тарихын «жеңген» ұлт тұрғысынан емес, «бедуинділік» тұрғысынан қайта жазу. Екіншіден, өздері туралы жаңа және баламалы көзқарастардың қалыптасуы нәтижесінде айқын және латентті территориялық талаптардың орын алуы. Үшіншіден, бедуиндердің саяси аренаға шығуымен сипатталатын саяси белсенділік пен қатысудың жаңа формалары пайда болды. Төртіншіден, жаһанданып жатқан әлемде мәдени мұраны сақтау қажеттілігі туралы пікірталастардың орын алуы. Бұл төрт өлшем дифференциацияланған тайпалық сәйкестенудің жеке аспектілерінен трансбедуиндік сәйкестенуге өтудің динамикалық және икемді концептуалдануын ұсынады [13].

Бұл процесті әлеуметтанулық сараптаудың өзектілігі ХХ ғасырдың 30-шы жылдары жүргізілген қазақ седентаризациясының салдарын талдау үшін әдіснамалық үлгі бола алатындығында, себебі қазақ седентаризациясы КСРО үкіметі жүргізген мәдени революция және ұлтқұру саясатымен өзара үйлесімділікте іске асырылды. Ш.Акинер ХХ ғасырдың басында Кеңес үкіметінің ұлтқұру саясаты қазақтардың ұлт ретінде қалыптасуының маңызды факторы болғандығын көрсетеді [13].

Осылай, әлеуметтік қауымдастықтың өзіндік ұйымдастыру принциптерінің өзгеруі «шежіре» әлеуметтік институтының әлсіреуіне алып келді.

Дәстүрлі көшпелі қазақ қоғамының негізгі «шежіре» концептісінің айналасында жүзеге асқаны белгілі. «Көшпелі қоғамға, қоғамдық өмірде басты рөлге ие, дамыған және көп қабатты «рулық-тайпалық» ұйымның болуы тән. Бұл жүйе – ортақ шежіре идеологиясының негізінде өзара тығыз байланысты патронимиялық топтар мен бөлімдердің иерархиялық ұйымдасуы» [14, 150б.], яғни патронимиялық жүйе – қазақтың әлеуметтік ұйымдасуының өзегі, ортақ шаруашылық және территориялық мүдделерді қамтитын генеологиялық туыстыққа негізделген қоғам бөлшегі, яғни шежіре ұрпақаралық сабақтастықты сақтайтын механизм. Шежірені (жеті атасын) білу әрбір қазақты белгілі бір рулық-тайпалық қауымдастықпен сәйкестендіру факторы болды.

Алайда, қоғамның социалистік дамуында тіл, дін, дәстүрлі білім, құндылықтар мен нормалар сияқты өмірдің материалдық емес аспектілері толық сақталмауы ықтимал, себебі

азшылықтың мәдени «деңгейі» «аға» ұлттыкінен «төмен» деп қарастырылып, өзара көмек принципі негізінде «аға» ұлт «қарабайыр» азшылықтарға өз деңгейіне дейін көтерілуіне көмектесе отырып, жаңа шынайылыққа ассимиляциялауы тиіс [15].

Дәстүрлі мәдениеттің «іріктеліп сақталуы» (selective preservation) қоғамдағы сәйкестенудің дәстүрлі механизмдерін құлдырата отырып, жаңа шынайылықтың жаңа агенттерін қалыптастырады. Жаңа агенттер сәйкестенудің дәстүрлі жолы шежіреден «қазақ» ұғымы шеңберінде сәйкестенуіне әлеуметтанулық талдау ұлтқұрудағы өзекті түйткілдерді көтереді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Sahlin S, M, and Service, E (eds), *Evolution and Culture*, University of Michigan Press, 1960. Also Lefébure, C, "Introduction", in *Pastoral Production and Society*, op. cit.
2. Awad, M, *Nomadism in the Arab Lands of the Middle East*, UNESCO, *The Problems of the Arid Zone*, Proceedings of the Paris Symposium, Arid Research No 18, 1962, p . 325
3. Хазанов А. М. *Кочевники и внешний мир*. Изд. 3-е, -Алматы: Дайк-Пресс, 2002. — 604 с.
4. Barth F. *A General Perspective on Nomad-Sedentary Relations in the Middle East*, In Nelson, C. (ed), *The Desert and the Sown*, Institute of International Studies: Berkeley, 1973
5. Salzman P. Introduction: Processes of Sedentarization as Adaptation and Response. In P. Salzman (ed.) *When Nomads Settle: Processes of Sedentarization as Adaptation Introduction: Studies of Sedentarization 15 and Response*, pp.1 — 19. New York: Praeger
6. Mingming Fan, Wenjun Li, Chengcheng Zhang, and Lanhai Li. Impacts of Nomad Sedentarization on Social and Ecological Systems at Multiple Scales in Xinjiang Uyghur Autonomous Region, China. *Ambio*. 2014 Sep; 43(5): 673–686. Published online 2013 Oct 5. doi: 10.1007/s13280-013-0445-z
7. Umer Jan Sofi. The sedentarization process of the transhumant Bakarwal tribals of the Jammu & Kashmir (India). *IOSR Journal Of Humanities And Social Science (IOSR-JHSS) Volume 11, Issue 6 (May. - Jun. 2013), PP 63-67 e-ISSN: 2279-0837, p-ISSN: 2279-0845*.
8. Ptackova, J. 2011. Sedentarisation of Tibetan nomads in China: Implementation of the nomadic sedentarization project in the Tibetan Amdo area: Qinghai and Sichuan Provinces. *Pastoralism: Research, Policy and Practice* 1: 4. <http://www.pastoralismjournal.com/content/1/1/4>.
9. Li, W.J., and L. Huntsinger. 2011. China's grassland contract policy and its impacts on herder ability to benefit in Inner Mongolia: Tragic feedbacks. *Ecology and Society* 16:
10. Смағамбет Б. Ж., Тлеспаева А. А. Қазақ седентаризациясы және оның салдары. Әлеуметтанулық концептуалдау перспективасы. С.Торайғыров атындағы ПМУ Хабаршысы. Гуманитарлық сериясы. №2 (2019). 142-154 беттер
11. Cole, D.P. 2003. 'Where Have the Bedouin Gone?' *Anthropological Quarterly* 76(2): 235–267
12. Laila Prager INTRODUCTION. RESHAPING TRIBAL IDENTITIES IN THE CONTEMPORARY ARAB WORLD: POLITICS, (SELF-) REPRESENTATION, AND THE CONSTRUCTION OF BEDOUIN HISTORY. *NOMADIC PEOPLES* 18, 2 (2014): 10–15.
13. Shirin Akiner. *The formation of Kazakh identity : from tribe to nation-state*. London : Royal Institute of International Affairs, Russian and CIS Programme ; Washington, D.C.: Brookings Institution [distributor], 1995. 83 p
14. Масанов, Н. Э. *Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности номадного общества*. – Алматы «Социнвест» – М. : «Горизонт», 1995.— 320 с.
15. Oscar Salemink. *Sedentarization and Selective Preservation among the Montagnards in the Vietnamese Central Highlands*, In: Jean Michaud (ed.), *Turbulent Times and Enduring People: Mountain Minorities in the South-East Asian Massif*. Richmond, Surrey: Curzon Press, 2000. 125-148.